20599440246

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2023 жылғы 22 қараша № 7119-23-00-2/11299 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.М. Утегенова,
сот отырысының хатшысы Д.К. Смагулованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласының төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Астана қаласы)» ММ

ЖАУАПКЕРЛЕР:
1. Исмаилов Анар Джаббароглы тұлғасындағы «Исмаилов» ЖК
2. Каравайный Станислав Сергеевич тұлғасындағы «Каравайный» ЖК
3. «Readymix (Редимикс)» ЖШС
4. «Жетысуская швейная фабрика «Айсұлу» ЖШС

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Э.Каженова
жауапкерлердің өкілдері Е.Е.Дюсембаева, А.Т.Баймулданова, А.Нусупхан, И.М.Зординов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылдың 10 наурызда Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласының төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Астана қаласы)» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – талап қоюшы) мен жеке кәсіпкер «Исмаилов» атынан Куәлік негізінде әрекет ететін басшысы Исмаилов Анар Джаббароглы (бұдан

Документ подписан: Утегенова А. М., 29.11.2023
Дата вступления в законную силу: 05.01.2024, судья Утегенова А. М., 19.01.2024
7119-23-3-6/858

әрі – Өнім беруші, жеке кәсіпкер «Исмаилов») арасында 2023 жылдың 7 наурыздағы № 9445832-ЗЦП1 «Бағалы ұсыныстарға сұраным» тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы № 155 шарт (бұдан әрі – № 155 Шарт) жасалды.

Шарттың 2.1-тармағына және оған № 1 қосымшасына сәйкес Шарттың жалпы сомасы 1 235 000 теңгені құрайды. Шарт бойынша жеткізу мерзімі - үшіне енген күннен бастап 2023 жылдың 31 шілдесіне дейін. Алайда, бүгінгі күнге дейін тауар жеткізілмеді.

№ 155 Шарттың 7.3, 8.3-тармақтарына сәйкес өз міндеттемелерін орындамауына байланысты жеке кәсіпкер «Исмаиловқа» мемлекеттік сатып алу веб-порталына тұрақсыздық айыбының сомасын есептеу және шартты бұзу ниеті туралы 2023 жылғы 31 шілдедегі хабарламалар жолданды.

Шарт 2023 жылдың 29 қыркүйегінде бұзылды.

2023 жылдың 01 тамыз 29 қыркүйек аралығында 57 күн мерзімі өткен үшін № 155 Шарт бойынша тұрақсыздық айыбы: 1 235,00 тг. (1 235 000,00 тг.*0,1%)*57 күн = 70 395 теңгені құрайды.

2023 жылдың 15 наурызында талап қоюшы мен жеке кәсіпкер «Каравайный» атынан хабарландыру нөмірі № KZ51UWQ04452639, № KZ00TWQ02438820 негізінде әрекет ететін басшысы Каравайный Станислав Сергеевич (бұдан әрі – Өнім беруші, жеке кәсіпкер «Каравайный») арасында 2023 жылдың 7 наурыздағы № 9438406-ЗЦП1 «Бағалы ұсыныстарға сұраным» тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы № 158 шарт (бұдан әрі – № 158 шарт) жасалды.

Шарттың 2.1-тармағына және оған № 1 қосымшасына сәйкес Шарттың жалпы сомасы 203 680 теңгені құрайды. Шарт бойынша жұмыстарды орындау мерзімі ол күшіне енген күннен бастап 2023 жылдың 31 шілдесіне дейін. Алайда, бүгінгі күнге дейін тауар жеткізілмеді.

№ 158 Шарттың 7.3, 8.3-тармақтарына сәйкес өз міндеттемелерін орындамауына байланысты жеке кәсіпкер «Каравайныйға» мемлекеттік сатып алу веб-порталына тұрақсыздық айыбының сомасын есептеу және шартты бұзу ниеті туралы 2023 жылғы 31 шілдедегі хабарламалар жолданды.

Шарт 2023 жылдың 26 қыркүйегінде бұзылды.

2023 жылдың 01 тамыз 26 қыркүйек аралығында 57 күн мерзімі өткен үшін № 158 Шарт бойынша тұрақсыздық айыбы: 203,68 тг. (203 680,00 тг.*0,1%)*57 күн = 11 609,76.

2023 жылдың 5 мамырда талап қоюшы мен «Readymix (Редимикс)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атынан Жарғы негізінде әрекет ететін директоры Нұрбергенов Есен Ғабитұлы (бұдан әрі – Өнім беруші, «Readymix (Редимикс)» ЖШС) арасында Заңы негізінде және 2023 жылдың 27 сәуірдегі № 9846437-ЗЦП1 «Бағалы ұсыныстарға сұраным» тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы № 255 шарт (бұдан әрі – № 255 Шарт) жасалды.

Шарттың 2.1-тармағына және оған № 1 қосымшасына сәйкес Шарттың жалпы сомасы 18 416 681,28 теңгені құрайды. Шарт бойынша жұмыстарды

Документ подписан: Утегенова А. М., 29.11.2023
Дата вступления в законную силу: 05.01.2024, судья Утегенова А. М., 19.01.2024
7119-23-3-6/858

орындау мерзімі ол күшіне енген күннен бастап 2023 жылдың 31 шілдесіне дейін.

№ 255 шарттың 7.3, 8.3-тармақтарына сәйкес өз міндеттемелерін орындамауына байланысты «Readymix (Редимикс)» ЖШС-не мемлекеттік сатып алу веб-порталына тұрақсыздық айыбының сомасын есептеу және шартты бұзу ниеті туралы 2023 жылғы 31 шілдедегі хабарламалар жолданды.

Шарт 2023 жылдың 08 қарашасында бұзылды.

2023 жылдың 01 тамыз 08 қараша аралығында 100 күн мерзімі өткен үшін № 255 Шарт бойынша тұрақсыздық айыбы: 18 419,68 тг. (18 419 681,28 тг.*0,1%)*100 күн = 1 841 968 теңгені құрайды.

Талап қоюшы мен «Жетысуская швейная фабрика «Айсұлу» ЖШС арасында Заңы негізінде және 2023 жылдың 19 сәуірдегі № 9809831-1 «Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу» тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде Құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы 2023 жылдың 21 сәуірдегі № 238 шарт (бұдан әрі – № 237 Шарт) жасалды.

Шарттың 3.1-тармағына және оған № 1 қосымшасына сәйкес Шарттың жалпы сомасы 885 248,00 (сегіз жүз сексен бес мың екі жүз қырық сегіз теңге нөл тиын) теңгені құрайды. Шарт бойынша жұмыстарды орындау мерзімі ол күшіне енген күннен бастап 2023 жылдың 31 шілдесіне дейін.

№ 238 Шарттың 8.3, 9.3-тармақтарына сәйкес өз міндеттемелерін орындамауына байланысты «Жетысуская швейная фабрика «Айсұлу» ЖШС-не мемлекеттік сатып алу веб-порталына тұрақсыздық айыбының сомасын есептеу және шартты бұзу ниеті туралы 2023 жылғы 31 шілдедегі хабарламалар жолданды.

№ 238 шарт бойынша «Жетысуская швейная фабрика «Айсұлу» ЖШС міндеттемелерін ішінара орындаған. 2023 жылдың 24 қазандағы № 230247/00/2 орындалған жұмыстар актісіне сәйкес 49 жилет талап қоюшымен қабылданған.

2023 жылдың 24 қазан 22 қараша аралығында 29 күн мерзімі өткен үшін № 238 Шарт бойынша тұрақсыздық айыбы: 885,248 тг. (885 248,00 тг.*0,1%)*29 күн = 9120,38 теңгені құрайды.

Өнім берушілер шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған.

Сотқа түскен талап қоюға жауап бойынша, «Жетысуская швейная фабрика «Айсұлу» ЖШС 2023 жылғы 24 қазандағы № 230246/00/1 орындалған жұмыстар актісіне сәйкес тауар талап қоюшыға толық берілді. Талап қоюшы бұл тауарды сапасына ешқандай шағымсыз қабылдады. 5 117 теңге 94 тиынды құрайтын тұрақсыздық айыбы 2023 жылғы 30 қазанда № 201 түбіртекке сәйкес төленді.

Талап қоюшы талап қоюды қолдап, көрсетілген негіздер бойынша қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкерлердің өкілдері талап қоюды мойындамай, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Тараптардың пікірін тындап, сот келесіге келді.

Документ подписан: Утегенова А. М., 29.11.2023
Дата вступления в законную силу: 05.01.2024, судья Утегенова А. М., 19.01.2024
7119-23-3-6/858

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізгі ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт талаптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады.

АІЖК 6-бабының 5-тармағына сәйкес, егер заңда немесе дауласушы тараптардың келісімінде тиісті мәселелерді соттың шешуі көзделсе, сот бұл мәселелерді әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып шешуге міндетті.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Исмаилов» мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануға негіз шарт талаптарын орындамау болып табылады.

Шартты бұзу ниеті туралы хабарлама порталда 2023 жылғы 31 шілдеде орналастырылған, жауапкер өнімді жеткізу бойынша міндеттемелерді орындамаған. Шарт 2023 жылдың 29 қыркүйегінде бұзылған.

Сот талап қоюшының міндеттемелерді орындамау туралы уәждерін негізді деп санайды.

Осы мән-жайлар бойынша сот жеке кәсіпкер «Исмаиловтың» әрекетінде шартты орындамаған, сондықтан оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануға негіз бар деп санайды.

Шарттың 7.4 тармағына сәйкес өнім беруші тауарды жеткізуден бас тартқан немесе шарт бойынша тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы шартты бұзуға құқылы.

Документ подписан: Утегенова А. М., 29.11.2023
Дата вступления в законную силу: 05.01.2024, судья Утегенова А. М., 19.01.2024
7119-23-3-6/858

Шарттың талаптарына сәйкес, тұрақсыздық айыбы есептелді, оның сомасы 1 235 000 теңге (мерзімі өткен 57 күн үшін (21.06.2023-20.07.2023). Есеп – 1 235,00 тг. (1 235 000,00 тг.*0,1%)*57 күн = 70 395 теңге).

Сот бұл есептеуді дұрыс деп таниды және оны өндіріп алу қажет деп санайды.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Каравайный» мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануға негіз шарт талаптарын орындамау болып табылады.

Шартты бұзу ниеті туралы хабарлама порталда 2023 жылғы 31 шілдеде орналастырылған, жауапкер өнімді жеткізу бойынша міндеттемелерді орындамаған. Шарт 2023 жылдың 29 қыркүйегінде бұзылған.

Сот талап қоюшының міндеттемелерді орындамау туралы уәждерін негізді деп санайды.

Осы мән-жайлар бойынша сот жеке кәсіпкер «Каравайныйдың» әрекетінде шартты орындамаған, сондықтан оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануға негіз бар деп санайды.

Шарттың 7.4 тармағына сәйкес өнім беруші тауарды жеткізуден бас тартқан немесе шарт бойынша тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы шартты бұзуға құқылы.

Шарттың талаптарына сәйкес, тұрақсыздық айыбы есептелді, оның сомасы 203 680 теңге (мерзімі өткен 57 күн үшін (21.06.2023-20.07.2023). Есеп – 203,68 тг. (203 680,00 тг.*0,1%)*57 күн = 11 609,76 теңге).

Сот бұл есептеуді дұрыс деп таниды және оны өндіріп алу қажет деп санайды.

Жауапкер «Readymix (Редимикс)» ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануға негіз шарт талаптарын орындамау болып табылады.

Шартты бұзу ниеті туралы хабарлама порталда 2023 жылғы 31 шілдеде орналастырылған, жауапкер өнімді жеткізу бойынша міндеттемелерді орындамаған. Шарт 2023 жылдың 08 қарашасында бұзылған.

Сот талап қоюшының міндеттемелерді орындамау туралы уәждерін негізді деп санайды.

Осы мән-жайлар бойынша сот «Readymix (Редимикс)» ЖШС әрекетінде шартты орындамаған, сондықтан оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануға негіз бар деп санайды.

Шарттың 7.4 тармағына сәйкес өнім беруші тауарды жеткізуден бас тартқан немесе шарт бойынша тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы

Документ подписан: Утегенова А. М., 29.11.2023
Дата вступления в законную силу: 05.01.2024, судья Утегенова А. М., 19.01.2024
7119-23-3-6/858

сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы шартты бұзуға құқылы.

Шарттың талаптарына сәйкес, тұрақсыздық айыбы есептелді, оның сомасы 18 419 681,28 теңге (мерзімі өткен 100 күн үшін (21.06.2023-20.07.2023). Есеп – 18 419,68 тг. (18 419 681,28 тг.*0,1%)*100 күн = 1 841 968 теңге).

Сот талап қоюшының міндеттемелерді орындамау туралы уәждерін негізді деп санайды.

Жауапкер «Жетысуская швейная фабрика «Айсұлу» ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануға негіз ретінде шарт талаптарын орындамау болып табылады.

Тауарды қабылдау актісіне сәйкес, тауар 2023 жылғы 24 қазанда жартылай жеткізіліп, талап қоюшымен қабылданған.

«Жетысуская швейная фабрика «Айсұлу» ЖШС тауарды жеткізу бойынша міндетін атқарғандықтан, сот жаупкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану парасаттылық пен әділдік критерийлеріне сәйкес келмейді деп санайды.

Азаматтық кодекстің 272-бабына сәйкес Міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. АК 277-бабына сәйкес міндеттеме белгіленген мерзімде орындалуы керек.

АК 293-бабына сәйкес Борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Сот талап қоюшының міндеттемелерді тиісінше орындамау туралы уәждерін негізді деп санайды.

Осы мән-жайлар бойынша сот «Жетысуская швейная фабрика «Айсұлу» ЖШС әрекетінде шартты ішінара орындағандығын, шарт тараптар арасында бұзылмағандығын ескереді, сондықтан оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануға негіз жоқ деп санайды.

Шарттың 7.4 тармағына сәйкес өнім беруші тауарды жеткізуден бас тартқан немесе шарт бойынша тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы шартты бұзуға құқылы.

Шарттың талаптарына сәйкес, тұрақсыздық айыбы есептелді, оның сомасы 885 248 теңге (мерзімі өткен 100 күн үшін (24.10.2023-22.1.2023). Есеп – 885,248 тг. (885 248,00 тг.*0,1%)*29 күн = 9120,38 теңге).

Документ подписан: Утегенова А. М., 29.11.2023
Дата вступления в законную силу: 05.01.2024, судья Утегенова А. М., 19.01.2024
7119-23-3-6/858

Сот талап қоюшының міндеттемелерді тиісінше орындамау туралы уәждерін негізді деп санайды.

Сотқа тауардың толық жеткізілгені туралы басқа дәлелдер ұсынылмаған.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты сот талап қоюды қанағаттандыру керек деп санайды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласының төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Астана қаласы)» ММ жауапкерлер Исмаилов Анар Джаббароглы тұлғасындағы «Исмаилов» ЖК, Каравайный Станислав Сергеевич тұлғасындағы «Каравайный» ЖК, «Жетысуская швейная фабрика «Айсұлу» ЖШС, «Readymix (Редимикс)» ЖШС-ін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы – ішінара қанағаттандырылсын.

Исмаилов Анар Джаббароглы тұлғасындағы «Исмаилов» ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Исмаилов Анар Джаббароглы тұлғасындағы «Исмаилов» ЖК-нен мемлекет кірісіне 70 395 (жетпіс мың) теңге тұрақсыздық айыбы, 2428 (екі мың төрт жүз жиырма сегіз) теңге баж салығы өндірілсін.

Каравайный Станислав Сергеевич тұлғасындағы «Каравайный» ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Каравайный Станислав Сергеевич тұлғасындағы «Каравайный» ЖК-нен мемлекет кірісіне 11 610 (он бір мың алты жүз он) теңге тұрақсыздық айыбы, 1841 (бір мың сегіз жүз қырық бір) теңге баж өндірілсін.

«Readymix (Редимикс)» ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Readymix (Редимикс)» ЖШС-нен мемлекет кірісіне 1 841 968 (бір миллион сегіз жүз қырық бір мың тоғыз жүз алпыс сегіз) теңге тұрақсыздық айыбы, 56 984 (елу алты мың тоғыз жүз сексен төрт) теңге баж өндірілсін.

«Жетысуская швейная фабрика «Айсұлу» ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танудан – бас тартылсын.

«Жетысуская швейная фабрика «Айсұлу» ЖШС-нен мемлекет кірісіне 9120,38 (тоғыз мың бір жүз жиырма) теңге 38 тиын тұрақсыздық айыбы, 274 (екі жүз жетпіс төрт) теңге баж өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған

Документ подписан: Утегенова А. М., 29.11.2023
Дата вступления в законную силу: 05.01.2024, судья Утегенова А. М., 19.01.2024
7119-23-3-6/858

тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А. Утегенова

Документ подписан: Утегенова А. М., 29.11.2023

Дата вступления в законную силу: 05.01.2024, Судья Утегенова А. М., 19.01.2024

7119-23-3-6/858